



«Манас» жыры, Шыңғыс Айтматов шығармалары

Қырғыз халқының «Манас» дастаны **мазмұны, көлемі, көркемдігі жағынан әлем халықтары әдебиетінің алтын қорынан орын алатын** батырлық эпос. Дастанда **жеті** жасқа келгенде **жолбарыстай** айбарымен көзге түсіп, «Дәу жынды» атанған Манастың дүниеге келгенінен бастап, **батырлық, ерлік** істері жырланған. Дастанда **Манастың әкесі Жақыптың, анасы Шиырлының, ақылды қария Ақбалтаның, Манастың тұлпары Айманбоздың, Манастың қарсыласы Қошқының** бейнесі Манасқа қатысты алынған. Жас Манастың **Дәу Дүрді, Дәу Жолайды, Қабан алыпты жеңу** жолындағы **қайсарлығы, қуат-күші** де жырда ерекше жырланған. Бала болса да **ерлігімен, батырлығымен елін сырт жаудан қорғап, азып-тозған қалың қырғыз халқына сүйеу, қорған** болған Манас бейнесі жырда ерекше суреттелген.

Қазақ халқының **тұңғыш зерттеушісі Ш. Уәлиханов «Манас» жырын еуропалық тұрғыда тұңғыш зерттеп: «Манас» - қырғыздың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам Манас төңірегіне топталған энциклопедия. «Манас» даланың Иллиадасы»,** – деп бағаласа, бұл дәстүрді жалғастырушы **Мұхтар Әуезов** дастанды **тереңдей** зерттеген.

Қырғыз халқының **әлемге әйгілі, кемеңгер жазушысы Шыңғыс Айтматов 1928 жылы Қырғызстандағы Манас шоқысының бауырындағы Шекер ауылында** дүниеге келген. Шыңғыстың әкесі **Төреқұл** өте парасатты, пайымды, ел ісіне араласқан беделді адам болған.

Шыңғыс Айтматовтың **алғашқы тырнақалды туындысы 1956 жылы** жазылған «**Жәмила**» хикаяты оқырман назарын аударып, **орыс, француз** тілдерінде жарық көріп, **жас жазушының есімін әлемге танымал** еткен.

Қырғыз халқының классик жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «**Құс жолы**», «**Шынарым менің шырайлым**», «**Қош бол, Гүлсары**», «**Ерте келген тырналар**», «**Ақ кеме**», «**Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет**» хикаяттары, «**Боранды бекет**», «**Жан пида**», «**Ғасырдан да ұзақ күн**» романдары – дүниежүзі халқы сүйіп оқитын **әлем әдебиетінің озық туындылары** болып табылады.

Жазушының «**Ерте келген тырналар**» шығармасы **Ұлы Отан соғысының зардабынан ерте есейген Сұлтанмұрат, Анатай, Еркінбек, Ергеш, Құбатқұл** деген балалардың соғысқа кеткен аға, әкелерінің орнын жоқтатпай **ерте еңбекке араласуы, өздеріне жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарауы, төраға Тінәлиев пен бригадир Шөкіштің** оларға артқан **сенімі, адамдар арасындағы қарым-қатынасты** суреттеуге арналған.

Ш. Айтматовтың «**Боранды бекет**» шығармасы – **өмір мен өлім, қасиет пен қасиетсіздік** сияқты мәселелерді сөз еткен психологиялық роман. «**Ғасырдан да ұзақ күн**» романынан алынған «**Найман-Ана**» шығармасы **адамдардың Жер-Анаға деген қарым-қатынасы, Ананың балаға деген махаббаты, мәңгірт ұл Жоламанның тағдыры, Найман-Ана сүйегі қойылған Сарыөзектегі Ана-Бейіт мазарының тарихы** туралы айтылған.

Шыңғыс Айтматов бейнелеген кейіпкерлер тек **қырғыз халқына ғана емес, әлем халықтарына ортақ мінезбен, адамзаттық болмыспен суреттелгендіктен, жазушы шығармалары – ең көп аударылған туындылар.**